

Арқалық қаласы 4 МӨСБ бөлімше командирі азаматтық қорғау аға сержанты Ақтас Т.А мектебіміздің 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында кездесу өткізді.

Аталған кездесуде оқушыларға өрт сөндіруші және құтқарушы мамандығы туралы айтып берді.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда «Өрт қауіпсіздігі» бойынша білікті офицерлерді дайындайтын жоғары талапты оқу орны болып табылатын Көкшетау техникалық институты туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Мұндағы мақсат – азаматтық қорғаныс саласына жас мамандар тарту. Әсіресе, өрт сөндіру қызметіне жаңа күш қажет. Мектеп оқушыларымен кездескен өрт сөндіру қызметкерлері мамандықтың міндеті мен жауапкершілігі жайлы баяндап берді.

